

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Ақпаратты өлшеу және компьютерлік жады» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 7.2.1.1 Ақпараттың бір өлшем бірлігін келесі өлшем бірліктерге аударуды жүзеге асыру.
- 7.1.1.1 Компьютерлік жады түрлерінің қызметін (Жедел жады, Тұрақты жады, Сыртқы жады, кэш-жады) сипаттау.
- 7.1.2.3 Файлдарды сақтау кезінде әртүрлі форматтарды қолдану.
- 7.1.2.2 Әртүрлі форматтағы мұрағаттарды құру және бумадан шешу.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ☐ Сандық мәндерді ақпараттың бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірлігіне аударады.
- ☐ Жады түрлерінің қызметін сипаттайды: Жедел жады, Тұрақты жады, Сыртқы жады, кэш-жады.
- ☐ Бірдей ақпарат сақталған түрлі пішімдегі файлдардың өлшемдерін талдайды.
- ☐ Түрлі пішімдегі мұрағаттарды құрады және мұрағаттан шығарады.

Ойлау дағдыларының деңгейі


Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырмалар

1. Мақсат биология пәнінен реферат жазу үшін гүлдердің суретін салды. Берілген суреттер жедел жадыда сақталған.



Бір гүлдің суретін сақтау үшін 10 Кб қажет. Жедел жадының әрбір ұяшығының өлшемі 10 Кб тең.

- a. Жедел жадыда қанша көлемде бос орын қалғанын анықтаңыз.

_____ КБ=_____ байт

2. Мақсат көлемі 4500 байт құрайтын docx форматында мәтіндік редакторде реферат құрды.

Максат файлды мұғалімге беруі керек.

а. Ақпаратты беру үшін қандай сақтау құрылғысын қолдануға болатынын анықтаңыз.



б. Таңдауыңызды түсіндіріңіз.

3. Флэш-карта сақтау құрылғысында бос орын көлемі 4 Кб. Реферат көлемі *.docx форматында 5600 байт, *.pdf форматында 4600 байтқа тең.

Флэш-картаға қай құжатты орналастыруға болатынын анықтаңыз және түсіндіріңіз.

Шешімі _____

Түсіндіруі _____

4. docx форматындағы құжаттың көлемін кішірейтуге мүмкіндік беретін екі әдісті атаңыз және сипаттаңыз.

Атауы 1: _____

Сипаты _____

Атауы 2: _____

Сипаты _____
